

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 шілдедегі N 667 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 маусымдағы N 533 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 934 Қаулысымен.

Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 934 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 шілдедегі N 667 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 28, 275-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау ережесінде:

1-тармақтағы ", Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығына" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақтың 4) және 5) тармақшалары алынып тасталсын;

7 және 8-тармақтар алынып тасталсын;

9-тармақтың 2) тармақшасындағы "осы Ереженің 4-8-тармақтарында көрсетілген" деген сөздер "осы Ереженің 4-6-тармақтарында көрсетілген" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі